

Жүз он үшінші тарау — Иса қатты қарсылыққа тап болады

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Иса қатты қарсылыққа тап болады» деген тақырыпты қарастырамыз. Көне Өсиетте Жаратқан Иеміз Исаның қандай болатынын алдын ала бейнелейтін көптеген тамаша аяттар бар. Ишая 53:3-аятта адамдардың Исаның жердегі қызметіне қалай қарайтыны былай суреттелген: «Оны адамдар менсінбей, қабылдамай қойды. Ол қайғы-қасірет шегіп, азаппен таныс болды. Адамдар Одан жүздерін жасырды. Оны менсінбей, ешкім деп санады».

Ізгі хабарларды оқығанда, Исаның әуел бастан-ақ қарсылыққа тап болғанын көреміз. Ол бірнеше айлық нәресте болған кезде, Ұлы Ирод Бетлехемдегі барлық сәбилерді өлтіруге бұйрық беріп, Оның көзін жоюға тырысты. Иса жердегі бүкіл қызметі барысында қарсылық көрді. Оны ұнатпағандар сөзінен мін табуға тырысты. Олар діни демалыс күні адамдарды сауықтырғаны үшін, Исаны Мұса заңын бұзды деп айыптады.

Ал Исаның жердегі өмірінің соңғы аптасында қарсылық бұрынғыдан да күшейе түсті. Оған қарсы шыққандардың діндар адамдар болғаны өкінішті. Исаға ең қатты қарсылық көрсеткендер де солар еді. Исаның қарсыластарының не істейтінін алдын ала білгені Матай 26:1–5-аяттарында айтылған.

«Иса осы сөздерін тамамдады да, шәкірттеріне: «Екі күннен кейін Құтқарылу мейрамы болатынын білесіңдер. Сонда адамдар көктен келген Мені айқышқа шегелеп өлтіру үшін ұстап береді», — деді. Сол уақытта елдің басты діни қызметкерлері мен рубасылары бас діни қызметкердің сарайына жиналып, кеңес құрды. Олар Исаны айламен қолға түсіріп, өлтірудің жолын қарастырды, бірақ: «Мұны мейрам күндері іске асыруға болмайды! Әйтпесе халық арасында бүлік шығып жүрер», — десті».

Бұл аяттардан қарсылық күшейген сайын оның бірнеше КЕЗЕҢНЕН өткенін көреміз. ҚАРСЫЛЫҚ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА АЙТЫЛДЫ. Иса Өзімен бірге жүрген шәкірттеріне тіл қатты. Сол кезде халық тарап кеткен болуы керек. Иса шәкірттеріне алдағы бірнеше күнде бәрінің басынан қиындық өтетінін

ескертті. Олар Зәйтүн тауында отырып, Иерусалимге қарап тұрған еді. Сол жерде Иса шәкірттеріне алдағы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Содан кейін Ол Өзіне қарсы шығатынын алдын ала айтты. Бұл анық айтылған мәлімдеме еді. Иса оның болатын уақытын да көрсетті. Екі күннен кейін Құтқарылу мейрамы басталатынын айтты. Бұл мейрам Мысырдан көшіп шыққан заманнан бастап Исаның күндеріне дейін Исраил халқы үшін аса маңызды қасиетті мереке болып келді. Қазіргі кезде де дінге берік емес яһудилердің өзі Құтқарылу мейрамын атап өтеді. Иса осы мейрам кезінде Адам Ұлының айқышқа шегелену үшін ұстап берілетінін алдын ала айтты.

Исаның алдын ала айтып, орындалмай қалған бірде-бір сөзі жоқ. Оның айтқан пайғамбарлықтарының бәрі орындалды немесе болашақта орындалады. Бұл жерде Ол Адам Ұлының айқышқа шегелену үшін ұстап берілетінін айтты. Осылайша, Өзіне көрсетілетін қарсылықты алдын ала білдірді. Иса бұл дүниеге не үшін келгенін білді. Ол айқыш туралы да, Өзінің айқышқа шегеленетінін де білді. Бұған дейін де шәкірттеріне бірнеше рет осы туралы айтқан болатын. Ал бұл жолы Өзіне көрсетілетін қарсылық туралы соңғы рет алдын ала ескертті.

ҚАРСЫЛАСТАРДЫҢ МАҚСАТЫ дінбасылардың бас қосуынан анық көрінеді. Ізгі хабарда олардың кім болғаны аталады: басты діни қызметкерлер, дін мұғалімдері және халық рубасылары. Қаяпа оларды бас діни қызметкердің сарайына жинады. Бұлардың діндар адамдар болғанына назар аударыңыз. Олар саяси қайраткерлер де, ел билеушілері де емес еді. Бұлар бас діни қызметкер Қаяпаның сарайына жиналған діндар адамдар болатын.

Олардың мақсаты Матай жазған Ізгі хабарда анық айтылған: «Олар Исаны айламен қолға түсіріп, өлтірудің жолын қарастырды». Олардың жоспары осы еді. Олар Исаны айламен қолға түсірмек болды. Бұған дейін де Жаратқан Иемізді бірнеше рет ұстап алып, тұзаққа түсіруге тырысқан еді. Оның сөзінен мін табу үшін әртүрлі сұрақтар қойды. Қалай да Оны қолға түсіру үшін түрлі тұзақ құрды. Ал енді олар әбден тығырыққа тіреліп, бір әрекет жасау керек деп шешті. Оны нақты қалай жүзеге асыратыны бұл жерде айтылмаған. Бірақ Исаны айламен қолға түсіріп, кейін өлтіргісі келді. Олардың мақсаты осы болатын.

Олар Исаға бұдан әрі төзе алмады. Өйткені Исаның тәлімі олардың теріс істерін жиі әшкерелейтін. Оның халыққа тәлім бергені және халықтың Оған

ықылас танытқаны олардың ашу-ызасын туғызды. Сондықтан олар жалғыз жол — Оны өлтіру деп шешті. Қарсыластарының мақсаты осындай еді.

ҚАРСЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖОСПАРЫН олар мұқият ойластырып, соған сай әрекет етпек болды. Ең алдымен, мұны мейрам кезінде істемеу керек деп шешті. Бұл жерде жақындап қалған Құтқарылу мейрамы айтылып тұр. Иса шәкірттеріне мейрамға екі-ақ күн қалғанын айтқан еді. Құтқарылу мейрамы бұрын да қасиетті күн болған, қазір де солай. Бұл — әрбір яһуди ер адам Иерусалимдегі ғибадатханаға келіп, Жаратқан Иенің алдына баруға тиіс маңызды мейрамдардың бірі еді. Олар көп жыл бұрын Құдайдың өз халқын Мысырдан азат еткенін еске алу үшін Құтқарылу мейрамын атап өтетін.

Қарсыластары жоспарларын мейрам күні жүзеге асырмауды шешті. Өйткені осы мейрамға елдің түкпір-түкпірінен қалың халық жиналатын. Олар халық арасында бүлік шығарғысы келмеді. Халықтың Исаны Назареттен шыққан ұлы пайғамбар деп қабылдайтынын білетін. Матай бұған дейін Исаның Иерусалимге салтанатты түрде кіргенінде халықтың Оны қалай қарсы алғанын жазған болатын. Дінбасылар халық арасында бүлік шығып кетуінен қатты қауіптенді. Сондықтан елдің тыныштығын бұзатын ешбір оқиғаның болуын қаламады. Олар Құтқарылу мейрамын заң бойынша белгіленген қасиетті күн деп қабылдады. Сондай-ақ халықтың Исаға үміт артатынын білді. Сол себепті бәрін мұқият жоспарлап, ешқандай тәртіпсіздікке жол бермеуге тырысты.

Осы қатал қарсылықтың күшейе түскенін көргенде, Исаның алда не күтіп тұрғанын білгенін түсінеміз. Ол шәкірттеріне айқышқа шегелену үшін ұстап берілетінін айтты. Сонымен қатар қарсыластары не істеп жатқандарын толық түсінбесе де, өз жоспарларын жүзеге асыруға ұмтылғанын көреміз. Мұны түсінуіміз өте маңызды. Құдай тіпті Өзіне қарсы шыққан адамдардың әрекеттерін пайдаланып, Өз мақсатын соңына дейін жүзеге асыра алады. Қымбатты досым, сіз Оған сенім артуыңыз керек. Жаратқан Иеміз Иса Мәсіх осы дүниеге нақты бір мақсатпен келді. Ол Өзін құрбандыққа беру арқылы бізге құтқарылу сыйлап, сол мақсатын толық орындады. Сіз де, мен де ешқашан Оған қарсы шыққандардың қатарынан табылмайық.